



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ОРЫС ИМПЕРАЛИСТІК САЯСАТЫНЫҢ Ж.АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Тоқтар Гүлбану Мұхитқызы

Gulbanu_zhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының

1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Ә.Үсен

«Әдебиеттің алтын ғасыры» ХХ ғасырда қазақтың сөз өнері қарқынды дамыды. Орыстың боданында жүріп, еркін ой айтуға шектеу қойса да, тоңы жібімеген, мұзы ерімеген қараңғы жерге жарық шамын жаққан арыстарымыз аянбай тер төкті. Сол арыстардың ішінде халықты білім жолына шақырып ояту үшін Ахмет маса болып ызыңдаса, Міржақып қазаққа «Оян, қазақ» деп үн қатса, Жүсіпбек қазақ қыздарының өз теңіне қосылып, бақытты ғұмыр кешуін армандады. Әйел теңсіздігі тақырыбына қалам тартпаған жазушы кемде кем. Әсіресе Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілегі» негізгі кейіпкердің өмір жолынан, уақыт сыры мен тағдыр сыйынан сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттары, қыр елінің тұрмыс-дәстүрлері, тәрбие-тағылымдары терең танылады.

«Ақбілек» романы қазақ қызының басынан өткен шынайы оқиға. Оқиға күнделікті қазақ өмірі, Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі ауыл тіршілігі, орыстардың, яғни ақ гвардияшылардың қазақ ауылдарына жасаған шабуылы турасында баяндалады. Бұл шығарма кейінгі қазақ қыздарына үлгі болып, қазақ қыздарының білім алып, биікке өрлеуіне, алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жету үшін ештеңеден тайынбауға, тағдырдың ауыр сындарынан сүрінбей өтуге бағыттайды.

Шығарманың әлеуметтік маңызы, сол кезеңдегі қазақ ауылының жай-күйі, қоғамдағы жаңарулар туралы суреттеледі. Орыстардың қазақ ауылдарын барымталап, қыз-келіншектерге зәбір көрсетіп, жуаны зорлық көрсетіп, момыны қорлық көрген. Онсызда қазақ орыстардан, әсіресе әскер атаулыдан өлердей қорқатын. Қазақтың мұндай әлсіздігін біліп, орыс қазақтың басына әңгір таяғын ойнатты. Қазақты надан, сауатсыз деп бір шақпаққа бір жылқысын сатып алатын. Момын қазақ оған да көнетін. Алайда қазақтың қара көз қыздарын өздерінің ойыншығына айналдырғанда, оларды құтқаруға ешбірінің дәрмені жетпеп еді. Әсіресе, шығармада айтылатын «сол өңірде орыстан сау қалған әйел бар ма екен?» дегендегі (244 бет) Ақбілектің үйіне оралуы кезіндегі көрші-қолаңдары, ағайын-жұрттары жиналып, орыстан келген қыз қандай болады деп көруге құмартуының өзі Ақбілекті көруге құмартқан Бозінгеннің (Мұсабайдың әйелі) таңсыққойлығын шеней отырған Жүсіпбек: «орыстар өз ауылына да келген, қыз, қатындар тау-тасқа тығылған, өзі де үш солдаттың қолына түсіп қап, бұйырғанын көрген. Сонда да қатын шіркіннің таңсыққойлығы басылған ба!» - деп жазады (197-бет)

Ақбілек трагедиясы – халықтың трагедиясы. Қазақ қызын мәпелеп, аялап өсірген. Сөйткен қызының кәпірлерге қорлануы сүйекке таңба болып, ата-анаға ғана емес, бүкіл ауылға ауыртпалығын тигізді. Тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай алақанына салып отырған қызын орыстар алып қашып, соңынан артынан алас ұрып, қызын құтқарамын деген анасын мерт қылып, Ақбілекті орыс офицері өзіне әйел етеді. Серік Қирабаев: «Оның үстіне орысты кәпір деп қарайтын ұғым бар. Ел түсінігінде кәпір атаулының бәрі жау, онымен араласқан, шатасқан елдің бәрі – жат, діннен безген харам». Серік Қирабаев айтқандай қазақ үшін кәпірлер өзін ғана ойлайтын өзімшіл, ар-ұяттан жұрдай пасықтар. Қазақ қызы әрқашан ары мен абыройын бірінші орынға қойған. Ер жігіттер орыстың қыздары оқыған, пысық болып келеді деп үйленген, ал қазақ қызы орыстардың қолынан ұстамақ түгілі, олардан жиіркенген. «Ақбілекте» рушылдық-феодалдық ортада жікшілдік тартыстардың құрбанына айналған (Мұқаштың Ақбілекті орыстарға шығарып беруі), сөйтіп жау қолында мазақ болған, одан ел бетіне қарай алмайтын «қарабет» болып оралған қазақ

қызының жаңа заман тұсында оқып, өз бақытын табуы, қатардағы тең азамат болуы көркем баяндалады (С.Қирабаев)

Ақбілектің ауылдың етекбастылығынан, алып қашпа өсек-аяңынан құтылып, қаладан бақытын табуы – совет өкіметі саясатының жемісі. Ол – білім алып, қатарға қосылған алғашқы қазақ әйелдерінің өкілі.

«Сорлы Ақбілек! Сен жыламай, кім жыласын! Ар-ұятың төгілді, адамшылығың жойылды. Жас нәуетек жүрегің соқпай жатып өрт болды. Шамшырақтай жас жаның жанбай жатып жоқ болды. Жыла, жасың бұла! Жасыңмен қайғы жуылсын! Жасынан теңіз жиылсын! Теңізді дауыл толқынтсын! Құтырсын толқын, туласын! Зарлатқан сені мұндарлар тұншықсын. – Суың да улансын! Қатын-қызы тұл болып, сендей болып шуласын!» (202-203 беттер)

Қыз абыройы – отбасының, елдің болашағы, босағаның беріктігі. Қазақ халқы «Қыздың жолы жіңішке» деп, оның абыройын сақтауын қатаң қадағалап отырған. Қыздың абыройы оның ақыл-парасатына, инабаттылығына, махаббатты жоғары бағалауына, өнерпаздығына, білімдарлығына байланысты. Көбінесе қыз баланың тәрбиесіне ана жауапты. Анасын ардақтай білмеген қыз, өз абыройын да сақтай алмайды. Өз намысын қорғаған қыз есер жігітке кіріптар болмайды, есті жігітке ес қосады. Қыз абыройлы болу үшін оның мінез-құлқы ибалы, иманды болуы керек. Ел намысына, қыз абыройына сәйкес тәрбиелеу баршамыздың міндетіміз. Қазақ – қыз баласын ерекше құрметпен қарап, ибалылыққа, имандылыққа баулыған. «Қызға қырық үйден тиым» деген де оны болашақ отбасылық өмірге адал болуға тәрбиелеудің жолы. Міне, осының бәрін ескере отырып, Жүсіпбек қыз намысын халықтың қалай қорғағанын, қыз балаға тән ар-ұятты аяққа баспауға, адалдыққа үйреткенін атап көрсетеді.

Мұның бүгінгі күн үшін айрықша маңызы бар. Болашағын, бақытын аз ойлайтын, ар-ұятын кез-келген жерге шашып-төгіп жүретін бүгінгі қыздарға қазақтың әдет-ғұрып заңдарының үлгілі жақтарын өнеге ету әбден қажет. Қыз намысының тапталуы Ақбілектің ауылдағы өмірінде ылғи алдыңғы орында тұрады.

«Ақбілек» шығармасында негізгі кейіпкер Ақбілектің өзі болғанымен, ол жалғыз емес. Жазушы оның өскен, әркілы өмір кешкен ортасын, қарым-қатынастағы адамдарды суреттеу арқылы заман шындығын жан-жақты шынайы бейнелейді. Мұнда шығарманың басында Ақбілекті алып қашуынан бастап ғашық болған және шығарманың соңында Ақбілек пен Балташтың неке қиюы кезінде кездесетін қара мұрт орыс офицері де негізгі кейіпкер десек те болады. Жазушы оның аты-жөнін айтып, түсін түстеп жатпайды. Өзінің айтуынша, ол – Тамбов губерниясындағы бір помещиктің кіші баласы, патшашыл Ресейдің тағдырын жан сала қорғаушылардың бірі. Тағдырдың тығырығына тірелген адамның ойында өмірден түңілу, сол үшін ызаланып, айналасының бәрінен өш алу, кектену бар. «Адамның тыпырлап өлгені бізге тауықтың өлгенімен бір есеп. Көңілімізге солай орнағаннан ба, өлімді көп көріп, етіміз өліп икеткендіктен бе, кім білсін! Шынында, өмір деген, өлім деген немене? Адам өлмек үшін туған. Бүгін өлдік не, ертең өлдік не? Өмір – қабақтың қаққаны. Ендеше аз күн тіршілікте өмірде қандай қызық, қандай ләззат болсын, алып қалу керек. Өлген соң түк те жоқ» - дейді ол (155-бет). Осы ойын іске асыру үшін қыз алып қашады.

Қазақ халқы жөніндегі орыс офицерінің ұғымы патшаның отаршылдық саясатымен үндес. Қазақты ол надан, тағы аңмен тең көреді. Оны өз алдына ел қып ұстауды емес, қорқытып, бағынышты қып ұстауды, малын, өлі бұйымын пайдалануды ғана ойлайды. Оның ойынша, надан, тағы елдің байлығын Ресей болмаса, басқа біреу пайдаланады, одан да қызығын біз көруге тиіспіз. Орысқа жер алдың деп өкпелеме. Бос жерді не қыласың? Жер бәрімізге де жетеді. (Ж.Аймауытұлы «Ақбілек»)

Офицер қазаққа сенбейді. Қазақтан әскер алмағанын дұрыс көреді. Қолына қару берсе, ол орыс жұртына жау болып кетуі мүмкін. Баяғыда орысты татарлар билегенде, қазақтар да солардың құрамында болған. Қандай қорлық көрсеткен еді? Ендеше, оларға бүгін не қылса да айып емес.

Кекшіл, ашынған, иесіз тауда ерігіп жатқан ақ офицерінің қазақ қыздарына көз тігуі

де халықты басынуынан туады. «Әйелсіз күн көре алмайтын, махаббаттың қадірін білетін, сезімі жетілген біз өнерлі, білімді шаруаның ұлдарымыз... Қазақтың қара көздерінің сиқырлы күші Еуропа әйелінен кем емес. Өнтек тәрбиеленіп, қылымсуды, еркекке жағынуды үйренбегені болмаса. Қазақ надан болған соң орыстан жатырқайды, жиренеді, қазақ қызы орыс жігітін сүймейді. Бізге өз сүйгеніміз де жетеді, бізге әйел керек», - дейді ол. (Ж.Аймауытұлы «Ақбілек»)

Ақбілекті алып қашқан ақ офицерінің жергілікті халық туралы ойы мен жалпы жағдайын осылай өз сыры арқылы айтқызған жазушы олардың кейінгі өмірін Ақбілектің тұтқындағы күйімен байланыстыра суреттейді. Ол сурет, негізінен, Ақбілектің көзімен жасалады. Орыс тілін түсінбейтін ауыл қызы олардың аты-жөнін де білмейді, түріне қарап түстейді, ойларын, істерін, сырт пішіндеріне қарап жобалайды. Қуғын таянып, қашатын мезгіл туғанда ол қыздың бірге кетуін қалайды. Бірақ Ақбілектің еруге құлықсыздығын көргенде оны атып кетуді де ойлайды. Бұл – Ақбілекті жек көргендіктен емес, басқаға қимағандықтан. Ақбілек оны өзінше жориды. «Орысқа сенім жоқ екен ғой! Әнеугіден бері ерлі-байлы кісідей болып жүріп, кетер күні өлтіріп кетем дегені неткен өзімшілдік, неткен тас бауырлық, неткен қан ішерлік! Орыс шіркін өзім ғана өмір сүрсем екен дейді екен-ау! Өзгені жан екен десейші! Аяу деген болсайшы!» (178-б) – деп ойлайды.

Бұл айтылғандардан «Ақбілек» романындағы орыс адамдары бір ғана жағдайда, қызылдардан жеңіліп қашқан ақ әскерлерінің өкілдері есебінде көрінетінін байқаймыз. Олар – елді тонап, қыз-келіншегін зорлап, алып қашып жүрген азғын топ, олардың өмір туралы ойы, «философиясы» жоғарыда келтірілген үзінділерден танылады. Жалпы орысты айырып көрмеген, «қызылын», «ағын» айырмаған қазақтың ұғымымен бәрін де «орыс» деп сөйлейді. Бұл – дәуір шындығына сай келеді. Мұны кезінде Жүсіпбектің дұшпандары «ұлтшылдық» деп, «Ақбілекті» - орысқа қарсы жазылған кітап деп бағалауға тырысты. Бүгін романды оқи отырып, жазуда ондай жат ниет болмағанын, оның заман шындығын сол кездегі қазақ ортасының түсінік- танымына лайық суреттегенін көреміз.

Сол кездегі заман шындығын ашық жазып, қазақ қыздарының тағдырына алаңдап, сол ауыр кезеңдегі тағдыр тәлкегіне ұшыраған қазақ қызының жеңіп шығуы барлық қазақ қыздарына үлгі болды. Әрбір қазақ қызы оқып, сауатты болуға міндетті. Ескіліктің сарқыншағынан құтылып, жаңа қоғамда жаңаша өмір сүру керектігін насихаттайды. Күні бүгін де бұл шығарма өз мәнін жоймаған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Аймауытұлы «Ақбілек»
2. С.Қирабаев – 4 том.- Алматы; «Қазығұрт» баспасы, - 2007 ж. Т.4.
3. Р.Тұрысбек «Жазушы еңбегі және шығармашылық» (Зерттеу мен зерделеу) Оқу құралы. Алматы, «Қазақ университеті» 2004 ж.

ӘОЖ 811.512.122

СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАҢБАЛАРДЫҢ ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ КЕСЕНЕСІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Төленді Кәмшат Нұрланқызы

kamshat1997t@mail.ru

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және филология факультетінің 3 курс студенті, Арқалық, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Ә.Абдуллина

Ғасырлар қойнауына сапар шегер болсақ, тарихи - мәдени мұралардың қызығы мен құпия сырларына қаныға түсеміз. Тарих бізге өткеніміз арқылы болашағымызды білу үшін елеулі оқиғалар, сыры мен сынығы бар ескерткіштер, тарихи жәдігерлерін сыйға